

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3059 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 13 тамыз N 1001

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларының және олардың жекелеген нормаларының күшін жою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3050 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік органдардың мынадай шешімдерінің күші жойылсын:

"Алматыкітап" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін беру туралы " Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 22 ақпандағы N 157 қаулысы;

"Алматыкітап" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін беру туралы " Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23 ақпандағы N 63 қаулысы.

2 . Мыналарға :

"Алматыкітап" акционерлік қоғамы мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 ақпандағы N 198 қаулысына;

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.06.26.

N 942 қаулысымен. P000942_

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Алматыкітап" акционерлік қоғамы, "береке" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату-сатып алу шарттарын белгіленген тәртіппен бұзатын болсын;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзім ішінде аталған мемлекеттік акциялар пакеттерін сату туралы ұсыныстар енгізісін.

4. Атом энергетикасы жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының президенті В.Г.Язиковтың, "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының президенті Е.Я.Скозаның төлем-есеп айырысу және жөнелту құжаттарына қол қою және өндірістік-қаржы қызметіне, шикізат беру мен өнімді өткізуге бақылау жасау құқығы бар өкілетті өкілдер ретіндегі құқылылығы тоқтатылсын.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі басқармасы төрағасының бірінші орынбасары М.С.Итеғұловтың "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының төлем-есеп айырысу және жөнелту құжаттарына қол қою және өндірістік-қаржы қызметіне, шикізат беру мен өнімді өткізуге бақылау жасау құқығы

бар өкілетті өкілдер ретіндегі құқылылығы тоқтатылсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті :

В.С.Проходовтың "Ертіс комбинаты" акционерлік қоғамын басқару жөніндегі міндеттерді орындаудан, Е.Я.Скозаны "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын басқару жөніндегі міндеттерді орындаудан босату жөніндегі мәселені белгіленген тәртіппен шешетін болсын;

бес күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Ертіс полиметалл комбинаты", "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамдарының қайта ұйымдастыру жүргізу кезеңіне сенімді басқарушыларының кандидатуралары туралы ұсыныс енгізісін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы С.С.Қалмырзаев, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Э.К.Утепов күші жойылған үкіметтік шешімдерді әзірлеу кезінде қолданылып жүрген заңдарды бұзушылыққа жол берген қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тартсын.

Бір апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қабылданған шаралар туралы хабарласын.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы С.И.Шуткин күшін жоюға әкеп соққан Үкімет актілерінің жобаларын дайындағаны үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының қызметкерлеріне тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдансын және Үкімет шешімдерін әзірлеу мен шығаруда заңдардың сақталуына бақылауды күшейтсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министр